

АРШАЛЫ АЙНАСЫ



№31 (458)
24 ШІЛДЕ,
ЖҰМА,
2015 ЖЫЛ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

АРШАЛЫ КЕНТІНІҢ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫНДА «АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЕСТЕЛІК КІТАБЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҮСАУКЕСЕРІ ӨТТІ.



Шараға ҰОС ардагерлері, Аршалы ауданының ардагерлер Кеңесі, «Вперед» газетінің өкілдері мен жастар шақырылды. Кітаптың тұсаукесерін Орталық кітапхана әдіскері С.И.Пурлис жасады. Ал белгілі аймақ танушы, Аршалы ауданының балалар шығармашылығы орталығының мұражай басшысы Т.М. Коростелева, «Аршалы ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысының м.а. Ж. Смағұлова, №4 Агротехникалық колледж директоры А.А. Карманов, «Вперед» аудандық газетінің редакторы А.Д. Цыганов өз ойларын ортаға салды. Жылдар бойы газет беттерінде жарық көріп келе жатқан мақалалардың ізімен осы кітап беттерінің толықтырылғандығы айтылды.



10 томтық бұл жаңа басылым «Ақмола облысы естелік кітабы» Ақмола облысында алғаш рет жарық көріп отыр, кітапта біздің халықтың сұм жаумен алысқан соғысындағы жайттар мықты қамтылған.

Кітапта 17 аудан, 2 қала қамтылды. Сол жерлерден соғысқа шақырылып қатысқан 70 мың адамның тағдыры. Барлығын да атымен атап, түстеуге мүмкіндік туды. Он томның екінші томы Аршалы ауданының адамдарына арналған. Аалыдалай адамдардың есімі, суреті, ерлік істері кірмей қалғаны белгілі. Сондықтан да селолық, ауылдық округ әкімдері, қорғаныс істері жөніндегі бөлім қызметкерлері, ішкі саясат бөлімі әлі де осы бағытта жұмыстарын жалғастыру керек. жұмыс қазіргі уақытта жалғасын табуы орынды.



Орталық кітапхана меңгерушісі В.Н. Карпичтің айтуынша «Жеңіс беті» электрондық энциклопедия дайындалып жатыр екен. Өзіміздің ауданымыздан соғысқа қатысқандар туралы мәліметтерді

енгізсек жақсы болар еді деді. Кітапты қарап, оқып шығамын деушілерге кітапхана есігі қашан да ашық.

Ұлы отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толды. Алай-



да оның зардабы мен әкелген залалын ешкім де ұмыта алмайды. Уақыттың өз заңдылығы бар, шайқастар аяқталады, ал тарих беттерінде мәңгілік қатталады. Шара соңында А.Д.Цыганов аудан әкімі Ж.Ж.Нұркеновтың атынан құттықтап, «Вперед» газетінің 80 жылдығына орай ардагер журналисттерді марапаттады.

Н. Алексейчук.
Суретте: Кітаптың тұсаукесерінен үзінді.

■ Жақсы жаңалық

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ақмола облысының әділет департаментінде салтанатты шара өткізіліп, біздің жерлесіміз, әділет басқармасының басшысы –
Оспанова Күлпәш Балтабайқызы марапатталды



Қазақстан Республикасының астанасы арман қала Астананың туған күні қарсаңында ауданымызға тағы бір жақсы жаңалық келді. Аршалы ауданының әділет басқармасының басшысы Оспанова Күлпәш Балтабайқызы

өзіне жүктелген міндеттерін адал және жауапкершілікпен орындағаны үшін «Әділет органдары жүйесінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен нағратталды. Ақмола облысындағы 19 аудан бойынша оқ бойы үздік шыққан білікті қызметкерімізді шын жүректен құттықтаймыз! 1999 жылдан бері жауапты да маңызды салада қызмет етіп келе жатқан Күлпәш Балтабайқызының еңбектегі жемістері көп. Бірнеше наградаға ұсынылып, жұмысындағы тиынақтылығы мен аса талапшылығы үшін, жауапкершілігі мен біліктілігі үшін Алғыс хаттар мен қатар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттік наградасы –Құрмет грамотасымен марапатталған.

■ Акция

БАЛАЛАРҒА ШЫН ЖҮРЕКТЕН

Аршалы ауданында мектепке қажетті заттарды алып беру барысында «Балаға шын жүректен» қайырымдылық акциясы өткізілді.

Жастар ресурстық орталығы және ішкі саясат бөлімі «Балаға шын жүректен» тақырыбында акциясын жүзеге асырды. Биылғы жылы қайырымдылық көмекті екі отбасының балалары алды. Акцияның басты мақсаты мектеп жасындағы балаларға мектепке баруға қажетті заттарды сыйға тарту. Оқу жылы жақындағанда қай отбасының болмасын балаға қажетті құралдарын алып бе-

руге ұмтылатыны белгілі. Ал осы тұста есігіңізді қағып, міне сіздің балаңызға көмек, сый деп сөмке толы бірінші қажеттіліктегі заттар ұсынылып тұрса қандай бақыт! Құрметті жерлестер! Айналамызға қуаныш сыйлауға, қажет еткен жандарға қол ұшын созуға асығайық. Қуана сыйлықты алып жатқан баланың да, ата-ананың да ризашылығында шек болмайтыны белгілі.

Акцияға қатысыңыздар, қуаныш сыйлаудың өзі керемет сезім!

А. УТЕЕВА

АРШАЛЫ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№ 12/1 қаулысы 2015 жылғы 20 шілде Аршалы кенті

«Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалық, ауылдық округтері, ауылдық округтері, ауылдық округінің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалық, ауылдық округтері, ауылдық округінің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттілігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларына сәйкес, Аршалы аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аршалы ауданы Жібек жолы ауылдық округінің әкімін сайлау 2015 жылғы 27 тамыз сағат 10.00-ге (Аршалы кенті, Тәшенов көшесі, 47) тағайындалсын.

2. Аршалы ауданы Жібек жолы ауылдық округінің әкіміне сайлау өткізу және дайындық бойынша негізгі шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Әкімге кандидаттарды ұсыну 2015 жылдың 28 шілдесінен басталады және 01 тамызында аяқталады.

4. Әкімге кандидаттарды тіркеу барлық тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін басталады және 2015 жылдың 11 тамызында аяқталады.

Л. АСАНОВА,

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы

АРШАЛЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасында сайлау туралы» Конституциялық Заңына, «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалық, ауылдық округтері, ауылдық округінің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалық, ауылдық округтері, ауылдық округінің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттілігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларына сәйкес, Аршалы аудандық сайлау

комиссиясы хабарлайды:


Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:
төрайымы – Асанова Людмила Сабировна;
төрайымының орынбасары – Сабыржанов Мұқтар Балғожаұлы;
хатшысы - Пустовойтенко Галина Юрьевна;

комиссия мүшелері – Мәмбетов Рашид Талғатұлы, Руденко Марина Альгердовна; Сыздықова Гүлнұр Қарасайқызы; Тарасенко Наталья Петровна.

Орналасқан орыны: Аршалы кенті, Тәшенов көшесі 47, Аршалы

ауданы әкімі аппаратының әкімшілік ғимараты, байланыс телефоны 8 (716-44) 2-26-62

Л. АСАНОВА,
комиссия төрайымы



Қазақстан мен Канада парламентаралық ынтымақтастықты бір жолға қойды. Біздің елдің депутаттары Солтүстік Америкаға жасаған сапары барысында әріптестерімен кездесіп, «Нұрлы жол» бағдарламасы жайында айтып беріпті. Халық қалаулыларының айтуына қарағанда, канадалықтар Мемлекет басшысының институционалды реформалары мен оларды іске асырудағы «100 қадам» жақсы біледі екен. Майра Айсына, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты: - Басқа елді адамдары біздің 100 қадамды жақсы біледі. Бізге көп сұрақтар қойды. Өйткені қызығушылық бар. Сондықтан біз ел болып, осыған атсалуды суымыз қажет

ОРТАҚ ОЙҒА ЖҰМЫЛДЫРАР ОРАЗА АЙЫ

Жыл айналып келер Рамазан айының айт мерекесі де өтті. Телеарналарда, газет-журналдарда да бұл қасиетті мерекемен құттықтап, «Ораза айт мұбәрәк болсын!» деп ақ тілектерін арнап жатқан жамағат саны өте көп екендігі шүбәсіз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі татулыққа, тыныштыққа, қайырымдылық пен жанашырлыққа үндейтін ислам дінінің рухани қасиеті осы Рамазан айында кеңінен көрініс табады деді құттықтауында. Осынау мейрамның құрметі үшін барша әлем мұсылмандары қамқорлық танытып, мүмкіндігінше мұқтаж жандарға материалдық және рухани қолдау көрсетеді. Сол қолдаулары бір аймен шектелмесі, бойларындағы жақсы мінез, жомарттық, мейірім жыл бойы, жылдар бойы бойларында тұрақтанып, ұрпаққа беріліп, қоршаған ортаны нұрландырады анық. Барша мұсылмандар үшін маңызды оразада ауызашар беріп, айт мерекесімен құттықтаған Ақмола облысының әкімі С.В.Кулагин де елдің елдігі, отансүйгіштік пен бауырмалдық бастау алар осындай игі мерекенің құндылығын нықтады. Ынтымақ, бірлік, берекені келтіретін, сауабы мол Рамазан айына келер жылы да аман – есен жетейік. Елдің амандығынан артық ештеңе жоқ, қуанышты күндеріміз мол болсын!

Спорт

«ҚҰЛАГЕРДЕ» ЧЕМПИОН

Көкшетау қаласында (Красный Яр) «Құлагер» ұлттық және халықтық ойын түрлерінен 15-ші облыстық спартакиада өтті. Аршалы ауданының делегациясы қатысты. Бірқатар спорт түрінен жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Амрестлинг (қол күресі) бойынша чемпион Михайлов селолық округінің тұрғыны Сергей Гуренчик, ал Қайрат Илиуенов (а/о Жібек жолы) күміс жүлдегер атанды. Қол күресінде аршалылықтардың жалпы командасы 2-ші орынға шықты. Қазақша күрес 82 кг салмақта Жанай Ибраев (а/о Жібек жолы) бірінші орынға ие болса, Қорғанбек Жүнісов (а/о Жібек жолы) қола жүлделі медалді қалашық спорт түрінен алды. Аршалы ауданының командасы бұл спорт түрінен 4-ші орында болды. Оған қатысқандар арасында Виталий Иващенко (а/о Түрген) және Рустем Тумышев (а/о Жібек жолы).

Біздің спортшылар үшін алда финалдық сайыс «Ақбидай» жазғы облыстық спартакиада тұр.

К. КНЯЗОВ,

«Аршалы ауданының дене шынықтыру және спорт» ММ басшысының м.а.

■ Нақты жүз қадам

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан оң өзгерістер нәтижесінде айшықты экономикалық өсуге және әлеуметтік дамуда үлкен прогреске қол жеткізді.

Бүгінгі күні Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтардың алдында жаңа міндеттер мен мақсаттар қойып отыр.

«Нұр Отан» партиясының 16-съезінде Елбасы Қазақстан мемлекеттілігін нығайту үшін бес институционалдық реформаны ұсынды. Оның бірі – заң үстемдігін қамтамасыз ету.

Институционалдық реформаларды іске асыру мақсатында 100 нақты қадамнан тұратын Ұлт Жоспары әзірленді.

100 нақты қадамға негізделген Ұлт Жоспары – бұл жаңа тарихи жағдайларда еліміздің дамуына мемлекеттердің отызығына кіруі жөніндегі жоспары. Оны қадам-қадаммен орындау мемлекетімізді одан әрі дамытуда оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында еліміздің құқықтық жүйесін дамыту мәселелері бойынша 19 мақсатты қадам көзделген. Олардың бірі – суық лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін айқындау және біліктілік талаптарын қатайту болып табылады.

«БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫН ҚАТАҢДАТУ ҚАЖЕТ»

Республикалық газеттердің бірінде жариялаған мақаласында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Ұрағасы Қ.Мәми «Еліміздің сот жүйесі құқық үстемдігін қамтамасыз ету мәселелерінде барынша тиімді екенін жеткілікті көрсетуде. Мұны көптеген халықаралық индикаторлардан көруге болады», - деп атап өтті.

Бүгінде сот жүйесі заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін және қазіргі заманғы құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде жалпыәлемдік стандарттарға сәйкес келетін биліктің бір тармағы ретінде қалыптасқанын нық сеніммен айтуға болады.

Алайда жаңандық және ішкі сын-кәтерлер сот жүйесінің қызметін әлі де жоғары деңгейге көтеруді, судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін айқындап, біліктілік талаптарын қатайтуды, судьялардың жауапкершілігін күшейтуді талап етеді.

Соттарда қаралатын азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істердің санаттары бойынша қоғамдағы өзгерістерді, нарықтық қатынастардың дамуын байқауға болады. Егер кезінде азаматтық процестер негізінен жұмысты қалпына келтіру, тұрғын үйден шығару, ерлі-зайыптылар арасындағы мүлкті бөлу, алимент өндіру, денсаулыққа келтірілген залалды өндіру бойынша жүргізілсе, нарықтық бәсекелестікке байланысты барған сайын күрделі бола түскен сот істерінің жаңа санаттары пайда болуға. Бұрын қылмыстық жауапкершілікке ұрлық, бұзақылық жасаған, мас күйінде дене жарақаттарын салған, төбелес кезінде кісі өлтірген кінәлілер тартылса, қазір осы тектес қылмыстық әрекеттер неше түрлі ұйымдасқан топтардың алдын ала жою-спарлауы, қарулануы, қаржыландыруы және қылмыстық қоғамдастыққа қатысуы арқылы жасалынады. Бұл судьялардан өздерінің біліктілігін арттырумен айналысуды, қазіргі жаңа заңдарды тереңірек зерделеуді талап етеді.

Ал 90-шы жылдардың басында, яғни Кеңес дәуірі құлаған соң, шаруашылық байланыс үзілгеннен кейін барлық кәсіпорындар тоқтап қалған тұста соттар ереуілдерді заңсыз деп тану, жалақы өндіру, зейнетақы төлеу туралы істерді қарады. Көптеген сот талқылаулары тастап кеткен тұрғын үйлер жөнінде де болды.

Қазір азаматтар соттарға ипотекамен, несиелен, кепілмен, лицензиялаумен, салық, кеден, жер және корпоративтік даулармен байланысты талап арыздарымен жүгінуде.

Жыл сайын соттар қарастыратын азаматтық істер санының өсуі, қылмыстық істер бойынша шығарылатын сот актілерінің басым көпшілігінің өзгеріссіз күйіне енуі, азаматтардың өз құқықтарын қорғау үшін соттарға жүгінетінін, ал бұл азаматтардың мемлекет пен сот жүйесіне деген сенімін көрсетеді.

Жоғарғы Сот соңғы жылдары қоғамның соттарға деген сенімін нығайту үшін Жоғарғы Сот Кеңесімен және Әділет біліктілік алқасымен бірлесіп, судья лауазымына үміткерлердің білім деңгейіне және олардың жеке тұлғаларына қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған бірқатар шараларды қабылдады.

Атап айтқанда, үміткер тапсыратын емтихан үш кезеңнен тұрады:

- тест тапсыру, оның төменгі шегі 80 пайызға дейін ұлғайтылды;
- теориялық сұрақтар мен практикалық тапсырмалары бар ауызша емтихан;
- психологиялық тест.

Судьяның бос лауазым орындарына орналасу үшін конкурстан өту кезінде Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Сот төрелігі институтының магистратура түлектеріне артықшылық беріледі.

Дегенмен, Еліміздің Президенті қойған міндеттер судьяларды іріктеу мәселелерінде түбегейлі өзгерістерді талап етеді.

Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясының XVI-съезінде сөйлеген сөзінде: «Бүгінде сот жүйесінің әлсіз буыны – судьялар корпусы арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жиі-жиі соқтырып жататын судьяларды іріктеу, судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының тиімсіздігі. Ашықтық – судьялар қатарындағы жемқорлықтан емдейтін дәрі», - деген болатын.

Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы осынау ауыр еңбекті таңдаған адамның кәсіби және моральдық қасиеттеріне және судья

лауазымына кадрларды іріктеу жөніндегі заңның талаптарын мүлтіксіз сақтауға байланысты екені сөзсіз.

Бүгінде судьяларға қойылатын жоғары талаптар кадрларды даярлау мәселелерінде елеулі өзгерістерді қажет етеді.

Осы бағытта Президент жанындағы Ұлттық комиссияның жұмысшы тобы шетелдердің тәжірибесін зерделеп, үлкен талдау жұмыстарын жасады және судья лауазымына кадрларды іріктеу мәселелері бойынша бірқатар ұсыныстарды қолдады.

Атап айтқанда, судьялыққа кандидаттар үшін жас шегін 30 жасқа дейін арттыру туралы ұсыныс қолдау тапты. Соңынан орай Конституцияға түзетулер енгізілетін болады.

Бұл ретте сот ісін жүргізуге қатысумен тікелей байланысты бес жылдық жұмыс стажын енгізу ұсынылады. Мысалы, сот отырысының хатшысы, прокурор, адвокат.

Соттарда магистранттардың тағылымдамадан өту мерзімін бір жылға дейін көбейту ұсынылады. Қазіргі екі жылдық оқу кезінде сотта практикалық тағылымдама мерзімі үш айды құрайды.

Соттарда басқа кандидаттардың тағылымдамадан өту мерзімі де бір жылға дейін көбейтілетін болады. Бұл ретте тағылымдама судьяның лауазымдық жалақысынан 50-ден 70%-ға дейінгі мөлшерінде стипендия төлей отырып, кандидаттың негізгі жұмысынан босату түрінде өткізілетін болады.

Судьялыққа кандидатқа қойылатын осы талаптар орынды болып табылады. Өйткені судьялыққа кандидаттың сот процестері өтуі кезінде үнемі болуы, істерді қарауға дайындау үшін қатысуы, сот жұмысының ұйымдастырылуын зерделеуі оның осы жауапты жұмысқа кәсіби және психологиялық тұрғыдан қаншалықты дайын екенін анықтауға, мамандығын дұрыс таңдауына мүмкіндік береді.

Судья лауазымына тағайындалғаннан кейін жүктелген міндеттерді атқара алмауға, судья жұмысына дайын еместігін сезінуге байланысты субъективті себептермен бір жыл ішінде осы лауазымынан өз еркімен кету фактілері мұндай талаптарды қою қажеттігін дәлелдейді.

Жаңадан тағайындалған судьялар үшін бір жылдық сынақ мерзімін енгізу тағы бір маңызды жаңалық болып табылады.

Сынақ мерзімі кезеңінде олар әкімшілік, сондай-ақ күрделі емес қылмыстық және азаматтық істерді қарайтын болады.

Сынақ мерзімі аяқталған соң оның нәтижелері облыстық соттың жалпы отырысында талқыланады. Одан әрі оң қорытындысы болса, олардың кәсіби қасиеттерін Сот жюриінің біліктілік комиссиясы бағалайтын болады.

Судьялыққа кандидаттың кәсіби қасиеттері расталған кезде тұрақты негізде судья лауазымына тағайындау үшін Жоғарғы Сот Кеңесі оның кандидатурасын Мемлекет басшысына ұсынады.

Сонымен бірге жас судьяны тәртіпке үйрету үшін жаңадан тағайындалған судьяға жұмыс істейтін судьяның кепіл болуы институтын заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылады.

Елімізде әлеуметтік жағдайдың жақсарып, экономиканың тұрақтануы Елбасының құқық қорғау, соның ішінде сот саласындағы реформаларды жүргізудегі сарабдал саясатының нәтижесі. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Судьялардың кезекті VI съезіне қатысып, «Біз «Қазақстан – 2050» стратегиясын теміржолық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін жалпы құқық қорғау жүйесін түзесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуы керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан», - деген сөзі соттарға айқын бағыт болды.

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету шеңберінде әзірленген іс-шараларды іске асыру сот төрелігін атқару сапасын жақсартуға, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға, Қазақстанның сот жүйесі қызметін құқық үстемдігінің әлемдік рейтингінде жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік тудыратынына сенімдіміз.

А.БАЛАБЕКОВ,
Аршалы аудандық
сотының төрағасы.

САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ **2015 жылғы 11 тамызда сағат 11.00-де www.gosreestr.kz** аудандық коммуналдық мүлік объектілерін сату бойынша электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық коммуналдық мүлік объектілерін сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы No 920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес жүзеге асырылады. **Жалғыз қатысушыға жекешелендіру объектісін сатуға жол беріледі.**

Сауда-саттықтың голландық әдісі бойынша электронды аукционға аудандық коммуналдық мүліктің мынадай объектілері қойылады:

1. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Астана көшесі, 17-Б мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 509,3 шаршы метр оқу-өндірістік кешені ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 6712142 теңге, бастапқы құны – 33560710 теңге, ең төменгі баға – 1951546 теңге. Кепілдік жарна 1006821 теңге.

2. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Красное озеро селосы, Мектеп көшесі, 9 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 360,5 шаршы метр бастауыш мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 2273902 теңге, бастапқы құны – 11369510 теңге, ең төменгі баға – 351354 теңге. Кепілдік жарна 341085 теңге.

3. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Донецкое селосы, Әуезов көшесі, 27 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 1153,9 шаршы метр балабақшаның ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 7998057 теңге, бастапқы құны – 39990285 теңге, ең төменгі баға – 2325425 теңге. Кепілдік жарна 1199709 теңге.

4. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Родник селосы, Родников көшесі, 12 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 644,1 шаршы метр бастауыш мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 4963048 теңге, бастапқы құны – 24815240 теңге, ең төменгі баға – 766869 теңге. Кепілдік жарна 744457 теңге.

5. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Бірсуат селосы мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 416,2 шаршы метр негізгі мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 3176203 теңге, бастапқы құны – 15881015 теңге, ең төменгі баға – 490773 теңге. Кепілдік жарна 476430 теңге.

6. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Ақжар ауылы мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 126,4 шаршы метр бастауыш мектептің ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 2117860 теңге, бастапқы құны – 10589300 теңге, ең төменгі баға – 327243 теңге. Кепілдік жарна 317679 теңге.

7. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Түрген ауылы, Жеңіс көшесі, 26 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 876,5 шаршы метр интернаттың ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 5483213 теңге, бастапқы құны – 27416065 теңге, ең төменгі баға – 1594237 теңге. Кепілдік жарна 822482 теңге.

8. Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Белооярка селосы, Доман көшесі, 28/1 мекен-жайында орналасқан барлық көлемі 372,9 шаршы метр балабақшаның ғимараты, «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 3906138 теңге, бастапқы құны – 19530690 теңге, ең төменгі баға – 603560 теңге. Кепілдік жарна 585920 теңге.

9. 2005 жылы шыққан, м/н

C148ZB, BAZ 21060 автомобилі. «Аршалы кенті әкімі аппараты» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 77700 теңге, бастапқы құны – 388500 теңге, ең төменгі баға – 6380 теңге. Кепілдік жарна 11655 теңге.

10. 1999 жылы шыққан, м/н C054PK, ГАЗ 3110 автомобилі. «Аршалы ауданының білім бөлімі» ММ төңгерімінде. Алғашқы құны 135100 теңге, бастапқы құны – 675500 теңге, ең төменгі баға – 11094 теңге.

■ Басты мәселе

ӘНК ТӨРАҒАСЫ Н.В. ЛЕПЕХАНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША СӨЗ СӨЙЛЕУІНІҢ АҚПАРАТЫ

ІІМ мүдделі мемлекеттік органдармен бірге өзара іс-қимыл жасасуда балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша мақсатты бағытталған жұмыс жүргізуде. Бұл бағыт министрліктің қызметіндегі басым бағыттардың бірі деп есептейміз.

Соңғы жылдары Парламент депутаттарының қолдауының арқасында ІІМ-нің осы саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша бірқатар заңнамалық бастамалары қабылданды.

Олардың барлығы да жан-жақты талқыланды. Сондықтан аса маңызды және оң әсер ететін негізгі жаңа енгізулер туралы атап айтқан жөн.

ІІМ-де балаларды қорғауға бағытталған 9 заңжобасы әзірленді, әзірлемеге 6, оның ішінде 4 жаңа негізгі кодекс (ҚК, ҚПК, ӘҚБтК, ҚАК) қабылданды.

2009 жылғытүнгі уақыттарда көңіл көтеру орындарында кәмелетке толмағандардың болуына сол орындардың иелерінің жауапкершілігі енгізілді. (ӘҚБтК 132-бабы, жеке тұлғаларға – 30 АЕК, шағын кәсіпорын субъектісі – 45 АЕК, орта кәсіпкерлікке – 60 АЕК, ірі кәсіпкерлікке – 100 АЕК), 2010 жылы – түнгі уақыттарда балалардың тұрғын емес үй-жайларда болу жауапкершілігі (ӘҚБтК 442-бабы, ата-аналарына – ескерту, қайталанған жағдайда - 15 АЕК), сондай-ақ алкогольді өнімдерді сатуға тыйым салу 21 жасқа көтерілді және түнгі уақыттарда алкогольдік ішімдіктерді сатуға тыйым салынды (ӘҚБтК 200-бабы, жеке тұлғаларға – 10 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектісіне – 40 АЕК, орта кәсіпкерлікке – 80 АЕК, ірі кәсіпкерлікке – 120 АЕК, 2014 жылы ішімдіктің уыттылығына байланысты уақыт 21.00 сағаттан бастап 12.00 сағатқа дейін ұзартылды);

2012 жылы білім беру, медицина, спорт, мәдениет, өнер, демалыс және сауықтыру саласында кәмелетке толмағандарға қызмет көрсететін ұйымдарға бұрын сотты болған адамдармен еңбек келісім шарттарын жасасуға тыйым салған түзетулер Еңбек кодексіне енгізілді;

2010 жылы кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін жаза қатаңдатылды.

Егер түзетулер енгізілгенге дейін кәмелетке толмағанды зорлаганы үшін қылмыстық жаза 5 жылдан бастап 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделсе, қазіргі уақытта жазалау 10 жылдан бастап 15 жылға дейінгі мерзімді құрайды, кішкене балаларды зорлаганы үшін 15 жылдан бастап 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Алғаш рет кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу бойынша міндеттемелер жүктелген ата-аналар мен педагогтарға сексуалдық сипаттағы зорлық әрекеттер үшін өмір бойына белгілі лауазымдарда жұмыс істеу, белгілі бір қызметтермен айналысу құқығынан айыра отырып, қылмыстық жауапкершілік белгіленді (120, 121 және 124-баптар).

2010 жылы кәмелетке толмағандардың эротикалық жанрдағы парақтар мен басқа да заттарды сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді (ӘҚБтК 115-1 бабы, жеке тұлғаларға – 10 АЕК, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне – 30 АЕК, ірі кәсіпкерлікке – мүлкі тәркілене отырып, 50 АЕК);

Порнографиялық материалдарды дайындау және айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді (ҚК 312-бабы, 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығына айыру, кіші жастағы қатысты 5-тен 8 жылға дейін);

2013 жылы жезөкшелікпен айналысуға кәмелетке толмағандарды тартқаны үшін жауапкершілік қатаңдатылды (ҚК 134-бабы, 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы болған, енді мүлкі тәркілене отырып, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделді);

Жезөкшелікпен және жеңгетайлықпен айналысу үшін притон ұйымдастыру немесе ұстауға қатысты жасөспірімдердің қатысуымен жасалатын қылмыстық әрекеттер жеке құраммен бөлініп алынды (ҚК



309 б. 3-тен 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру);

а.ж. 1 қаңтардан бастап бала тәрбиесінде мақсатты себепсіз өзінің міндетін орындамағандықтан баланың қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқықбұзушылық жасауына әкеліп соқтырған жағдайлар үшін ата-анаға қылмыстық жауапкершілік қолданылады (ҚР ҚК 140 б., 200 АЕК көлеміне дейін айыппұл не осындай мөлшерде түзеу жұмыстары, не 180 тәулік мерзімге дейін қоғамдық жұмыстарға тарту не 60 тәулікке дейін қамауға алу);

профилактикалық есепке қоюға жататын адамдар санаты ұлғайтылды, оның ішінде жасөспірімдерді тәрбиелеу, оқыту және (немесе) ұстау бойынша өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың жүріс-тұрысына теріс әсер ететін ата-аналар немесе басқа да жасөспірімдердің заңды өкілдері.

Қабылданған шаралар нәтижесінде жасөспірімдерге қатысты жасалатын қылмыстардың жалпы саны екі есе азайды (-46,7%, 3868-ден 2061-ға). Дегенмен балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттері азаймай отыр.

Оның негізгі себебі, ата-аналар

балаларына тиісті дәрежеде назар аудармайды, өздері дұрыс танымайтын адамдармен алкогольді ішімдік ішіп, олардың қараусыз қалдырады.

Екінші жағынан жасөспірімдерді жыныстық тәрбиелеу саласындағы және олардың өздерін ұстай білуіндегі кемшіліктері қоғамда оларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының жасалуына жағдай туғызады.

Қазіргі таңда көптеген 8-10 сыныпта оқитын қыздар өз ортасында ерте жыныстық өмірге араласқандығын айтып мақтанады. Олар кейін осындай қылмыстардың құрбанына айналады.

Мысалы, 2014 жылдың ақпанында Астана қаласында 16-17 жастағы жасөспірім қыздар тобы қонақ үйде алкогольді ішімдік ішеді. Оның соңы бейтаныс жігіттің әлгі қыздардың бірін зорлауымен аяқталған.

Өз кезегінде полиция жыл сайын әртүрлі құқық бұзушылық жасаған 100-120 мың жасөспірімді ұстайды.

Бұл негізінен тұрғын үйден тыс (жыл сайын 50 мың шамасында) және ойын-сауық орындарда (3 мыңға жуық) заңды өкілсіз түнгі уақытта жүру болып табылады.

Өткен жылдың өзінде қараусыз жүргені үшін 5 мыңнан астам жасөспірімдерді бейімдеу орталықтарына жеткізілген.

Қазіргі таңда ішкі істер органдары 12 мың жайсыз отбасылармен профилактикалық жұмыс жүргізуде. Ол отбасыларда 17 мыңға тарта бала тәрбиеленуде.

Жыл сайын бала тәрбиесі бойынша өз міндетін орындамағаны үшін 4 мыңнан астам ата-ана және оларды алмастыратын адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. 1 мыңға тарта адам ата-ана құқығынан айырылып отырады. 2014 жылдың өзінде жасөспірімдерге қатал қарағаны үшін 46 қылмыстық қозғалса, балаларды қоғамға қарсы әрекет жасауға тартқаны үшін 8 қылмыстық іс қозғалды.

Ағымдағы жылы жасөспірімдерді тәрбиелеу бойынша өз міндетін орындамағаны үшін 473 сотқа дейінгі іс қозғалды (ҚК 140 б.).

Жасөспірімдердің құқығын қорғау жөніндегі жұмысты үйлестіруді күшейту мақсатында а.ж. 4 маусымда ІІМ-да кеңейтілген бейнесекторлық кеңес өткізілді. Оған аумақтық ІІД басшылары, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау басқармаларының, жасөспірімдер ісі және оларды қорғау комиссиясының өкілдері қатысты.

Жергілікті жерлерде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасуын жақсарту және жұмысын ұйымдастыру бойынша нақты ұсынымдар берілді.

Сонымен қатар жаңа алдымызда спикерлеріміз айтып өткен заңнаманы жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар енгіздік, оларды одан әрі іске асыруды талқылауға белсенді қатысудамыз.

жұмыстарын аяқтады. Екінші айналымға да шыққандары бар. Негізгі үш рет жырту керек. Сол кезде арам шөптің көзін құртып, жер жақсы қопарылып, кейін егін еккен кезде мол өнім беруге ықпалы зор болады. «Ижев» ӨК, «Еңбек-1» ЖШС, «Агрофирма Поиск» екінші рет жыртуларын жүргізіп жатыр.

Бұл агрошаруаның өзіне мықты деген «Бюллер» іске кірісті, - дейді «Ижев» ӨК егістік бригадасының бригадирі В. Иванов. Механизаторлар С. Фогель, С. Драгун, В. Русин, А. Мельников. Тәулігіне бұл агрегаттың жұмысы 200 га – ны құрайды. Бұл қарқынмен жұмыс жүргізілетін болса белгіленген мерзімде дем алуға шығарылған егістік алқап жақсы дайындықтан өтері анық.

■ Жүз қадам – қолдау

ЕҢБЕҚАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУ

Жуықта барша қазақстандықтар үшін Елбасының өмірлік қағидаға жүз қадам реформасы ұсынылды. Мен мемлекеттік қызметкер тұрғысынан бұл реформаның қазіргі таңда өте маңызды екендігіне кәміл сенемін. Мемлекеттік қызметкер – елдің елдігін үстем ететін, мемлекеттің абыройын аскактататын жауапты қызметкер. Әрбір адам, жас болсын, орта жастағы болсын, зейнеткерлік жасқа жақындағаны болсын өзінің лауазымдық орнының жұмысының нәтижесіне жауапты болатыны бұрыннан белгілі. Ал енді сол жұмысының нәтижесіне қарай еңбек ақысы өзгертіндігі өзгеше көзқарас, өзгеше жігер, екпін берері сөзсіз. Отбасылық бюджетке өзінің

жұмысқа деген шеберлігі және тиянақтылығы мен сапалы ісі үшін артығырақ қаржы әкеліп қосып жататын болса, бұл әрбір адамның ұмтылатын биігіне айналары белгілі. Кәсіби мемлекеттік аппарат құру тарауындағы 15 – қадамның әрқайсысының да маңызы зор. Бұл қадамдарды жүзеге асыруда біз жас болса да төрткүл дүниеге танымал болып келе жатқан Қазақстан Республикасының беделін арттырып, нағыз дамушы елдер қатарындағы тұғыры нық, білімі зор, тәрбиесі бекем, экономикасы тұрақты мемлекет екендігіне үлес қосамыз.

Ж. КӨСЕЛБАЕВ,
Волгодон селолық округінің әкімі

Абай бол

Аршалы ауданының аудандық әкімдігінде Аршалы ауданы әкім аппаратының басшысы Ә.Қ.Балташевтің төрағалығымен Ақмола облысы ТЖД жедел-құтқарушы жасағы құтқарушыларымен, Аршалы ауданының ТЖБ қызметкерлерімен бірігіп, «Жазғы уақытта судағы қауіпсіздік» тақырыбында кеңес өткізілді. Оған мемлекеттік орган, дербес бөлім басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Кеңесте алғашқылардың бірі болып Ақмола облысы ТЖД «Жедел-құтқарушы жасағы» ММ басшысының орынбасары Бураев Марат Тұралиұлы баяндама жасады. Қатысып отырғандарғы былтырғы жылдағы облыс, аудан бойынша суға кетіп қайтыс болғандар туралы статистикалық мәліметті көрсетіп, қазіргі таңда су апаты барысындағы жағдайдың ұшығын тұрғандығына тоқталды.

ЖАЗҒЫ УАҚЫТТА СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК



Содан кейін жасақтың бас құтқарушысы Ғани Ибрагимұлы Құсайынов, құтқарушы бөлімшелердің су жағалауындағы құтқару бойынша алдын алу шараларының қалай өткізілетіндігі туралы айтты. Облыстағы, аудандағы су зардабының барысында адам өлімінің, оның ішінде бала өлімінің жайттарына толық тоқталып, тұрғындармен қалай жұмыс жасау керектігін нықтады.

Суға түсудегі қарапайым ғана сақтықты, тәртіпті сақтаудың қаншалықты маңызды екендігімен қорытты сөзін. Содан кейін тыңдаушылар тарапынан түскен сауалдарға жауаптар берілді. Кеңес соңында барлығына да қауіпсіздік туралы буклеттер мен ескертпе парақшалары таратылып, суға батып бара жатқандарды құтқарудағы ережелер көрсетілді.

Н. АЛЕКСЕЙЧУК

■ Талап

БАРШАҢЫЗДЫҢ НАЗАРЫҢЫЗҒА

«Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңының талаптарына сәйкес көрнекі ақпараттардың мәтіні (маңдайшаларда, билбордтарда, баннерлерде, хабарландыруларда, жарнамаларда т.б.) тек ғана мемлекеттік тілде немесе мемлекеттік және орыс тілдерінде болуы қажет. Қажеттілігіне қарай басқа тілдерге аударылуы мүмкін.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады.

Ауданымызда ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінің

«Сыртқы және визуалды жарнама үлгілеріне мемлекеттік тілді қолдану бойынша келісу» қызметінің базасы орнатылғанын хабарлаймыз. Сіздердерге сыртқы көрнекі ақпараттардағы мәтіндердің мемлекеттік тілде дұрыс жазылуына, аудармалардың дұрыс аударылуына, орналасу тәртібі бойынша әдістемелік көмек көрсетіп, бірыңғай базаға тіркеуді жүргіземіз. Жоғарыда аталған қызметтер тегін көрсетіледі.

Мекен - жайымыз: Аршалы кенті, Тәшенев көшесі-47. «Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ («Жастар орталығы» ғимараты) Тел: 22873, 8775-918-27-07.

Ұсынылатын құжаттар: Өтініш ЖСН - жеке немесе заңды тұлғаның Көрнекінің эскизі мен мәтіні

ҚҰРМЕТТІ АРШАЛЫЛЫҚТАР!

«Аршалы кенті әкім аппараты» ММ Аршалы кентінің тұрғындарына ескертеді, жаңа су құбырларын қосу барысында ескі су құбырлары толық тоқтатылады.

Сұрақтарыңыз болса мына телефон арқылы хабарласыңыздар: Аршалы кенті әкім аппаратының қабылдау бөлмесі - 2-15-64 және кент әкімі Шалов Қайрат Мұхаметұлы - 87026198424.

«Аршалы кенті әкім аппараты» ММ

● Егістік-2015

ӨНІМНІҢ ӨНІМДІЛІГІН ӨСІРУ

Биылғы жылы ауданымызда тыңайтылатын жер аумағы 37,299 га жерді құрап отыр. Ауылшаруашылықпен айналысатын жандардың барлығына да мәлім нәрсе ол жылда бір жерге бір өнім түрін еге бергенде жердің құнарлығы да, өнімнің сапасы да кемитіндігі. Заман талабына сай бәсекегеқабылеттілікті арттыру үшін сапалы және жоғарғы көрсеткіштік нәтиже маңызды екендігі де анық. Осыған байланысты бірқатар шаруашылықтар дем алдыратын жерлерінің бірінші жыр-



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 27-ші шілдеден 2-ші тамызға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

27 шілде, Дүйсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 «Өңір өрнегі-Картина недели»
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Актуальная тема». Передача
10.35 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Өңір өрнегі-Картина недели»
11.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Актуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Пәрменді пікір»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 12 серия
14.45 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Әзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Салауат». Хабар
19.30 «Әзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Салауат». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Телемаркет»
21.45 «Әзекті әңгіме». Хабар
22.15 «Телемаркет»
22.20 Т/с «Учитель». 13 серия
23.05 «Ел межесі». Хабар
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы». 51 серия
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Дело гастронама №1». 6 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

28 шілде, Сейсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Әзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Салауат». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Салауат». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Әзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Салауат». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 13 серия
14.45 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Наша служба». Передача
19.30 «Актуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Наша служба». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Актуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 14 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 1 бөлім
23.35 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Дело гастронама №1» 7 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

29 шілде, Сәрсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Актуальная тема». Передача
10.35 «Наша служба». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»

11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Наша служба». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Актуальная тема». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Наша служба». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 14 серия
14.45 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Точка зрения». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Бизнес идея». Передача
19.30 «Точка зрения». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Бизнес идея». Передача
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Точка зрения». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 15 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2 бөлім
23.35 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Дело гастронама №1» 8 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

30 шілде, Бейсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Точка зрения». Передача
10.35 «Бизнес идея». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Бизнес идея». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Точка зрения». Передача
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Бизнес идея». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 15 серия
14.45 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Әзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Ақмола КЗ». Хабар
19.30 «Әзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Ақмола КЗ». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Әзекті әңгіме». Хабар
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 16 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 3 бөлім
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый» 1 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

31 шілде, Жұма

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Ел межесі-2050». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Әзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Ақмола КЗ». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Ақмола КЗ». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Әзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Ақмола КЗ». Хабар
13.05 «Телемаркет»

13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Ел межесі-2050». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Учитель». 16 серия
14.45 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Ел межесі». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
19.30 «Актуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.55 «Ел межесі». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Ел межесі». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Актуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 17 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 4 бөлім
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Крапленый» 2 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

01 тамыз, Сенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Спорт лайф». Хабар
09.55 «Салауат». Хабар
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Танымал». Передача
10.30 «Пәрменді пікір»
10.35 «Телемаркет»
10.40 «Спорт лайф». Хабар
10.50 «Дневник КАРАОКЕ»
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Телемаркет»
11.50 «Ақ дастархан». Передача
12.20 «Спорт лайф». Хабар
12.30 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
12.40 «Дневник КАРАОКЕ»
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Пәрменді пікір»
13.00 «Аймақ ақпарат»
13.40 «Спорт лайф». Хабар
13.50 «Салауат». Хабар
14.00 М/ф «Кэмми». 25,26 бөлім
14.30 М/ф «Жерұйық»
14.40 «Әдемі-ай». 17 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Телемаркет»
17.10 «Танымал». Передача
17.35 «Дневник КАРАОКЕ»
17.45 «Сөзге шешен». Хабар
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Спорт лайф». Хабар
18.20 «Салауат». Хабар
18.30 «Ақ дастархан». Передача
18.55 «Телемаркет»
19.00 «Сөзге шешен». Хабар
19.20 «Qalamtoq». Хабар
19.30 «Спорт лайф». Хабар
19.40 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Дневник КАРАОКЕ»
21.15 «Qalamtoq». Хабар
21.25 «Сөзге шешен». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Танымал». Передача
22.10 «Телемаркет»
22.15 Д/ф «Пустыни мира». 11 серия
22.45 Х/ф «Маюри»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

02 тамыз, Жексенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Сөзге шешен». Хабар
10.30 «Дневник КАРАОКЕ»
10.40 «Телемаркет»
10.45 «Qalamtoq». Хабар
10.55 «Ақмола КЗ». Передача
11.05 «Ақ дастархан». Передача
11.35 «Дневник КАРАОКЕ»
11.45 «Qalamtoq». Хабар
11.55 «Телемаркет»
12.00 «Сөзге шешен». Хабар
12.20 «Наша служба». Передача
12.30 «Сіз қайда жүрісіз?». Хабар
12.40 «Qalamtoq». Хабар
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Дневник КАРАОКЕ»
13.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
14.00 М/ф «Кэмми». 27,28 бөлім
14.30 М/ф «Үш сыйлық»
14.40 «Әдемі-ай». 18 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
17.05 «Телемаркет»
18.10 «Наша служба». Передача
18.15 «Телемаркет»
18.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
19.20 «Телемаркет»
19.30 «Сөзге шешен». Хабар
19.50 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
22.05 «Телемаркет»
22.10 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
22.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
23.20 «Телемаркет»
23.25 Х/ф «Двойная фамилия»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Жас отай

БІРІККЕН ӨМІР СОҚПАҒЫ

Ауданымызда жаңадан тағы бір жас отбасы құрылды. Бұл оқиғаның желісі бекер мақалаға тұрткі болған жоқ. Орынбек Арыкпаев пен Айнұр Утеева Аршалы кентінде дүниеге келіп, бір мектепте дәріс алып, оқуға аттанған. Орынбек бала кезден музыкаға әуестеніп, музыкалық мектептегі үйірмеге қатысып, байқауларда талай жеңістерге қол жеткізген еді.

Ал Айнұр болса шахмат, тоғыз құмалақ ойындарына қызығып, сайыстарға қатысты. Орынбек Аграрлық университеттің «Салық ісі» бойынша маман иесі атанды,



сонымен қатар Қарағанды қаласындағы университеттің «Юрист-пруденция» мамандығынан дәріс алды. Айнұр да осы университеттің осы факультетін тәмамдап, қызыл дипломды қолға алып, туған ауылына оралды. Екі жаста ата-аналарының білім жолында қолдау жасап, өмірлік бағыт бергендіктеріне риза, алғыстары шексіз. Енді сын-дарлы жол, бірігіп отау көтеріп,

шаңырақ шаттығын шалқытуға бет бұрған екі жасқа тек қана бақыт, денсаулық, сәттілік пен еңбектегі барлық жақсылықты тілейміз.

Ауыл қағымпасы

ӨЗІМІЗШЕ ШӘЙ ІШЕЙКІШІ

Сонау екі мың шақырым жерден арнайы балдызымның үйіне келдім. Балдызымның қызы сол ауылда, бір көше бойында тіпті арасында үй де жоқ көршінің баласына ұзатылмақ екен. Қалай болса да құда болып келетін көршісін балдызым қалбақтап қарсы алып, мәз болып, ет тартып, барлық жол-жоралғысын жасап күтіп жүр. Міне, қызды шығарып салу рәсімі жасалынып, әже, аналар жағы көздері суланып, жастар болса қызыққа мәз болып,ырду-дырдумен көліктеріне құдалар (үйлеріне көше айналып баратын болулары керек) отыра бастады. Қонақтар да хош айтысып, қайтып

жатыр. Қасыма балдызым келді. Құдалар да риза, қонақтарымыз да риза болды деп арқасынан ауыр жүк түскендей жүзі бал-бұл жанып тұр.

«Не қылып тұрмыз, қонақтар кетті, енді өзімізше шәй ішейік те», - деп дабырлап келе жатқан жаққа бұрылсам, «О, тоба, жаңағы құдамыз! Көрші болғалы араласып, қонақ күтісіп дағдыланып қалған ол балдызымның қонақтарын көрші ретінде шығарып салысып жүріп, өзінің құда екендігін де ұмытып кетіпті. Міне, нағыз көрші!

М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.

Кеңес

БАҚБАҚ МАЙЫ

Бақбақ (одуванчик) өз бетімен өсе беретін арамшөптердің қатарында. Алайда оның денсаулыққа пайдасы көп. Тамыры атеросклерозға, бауыр және өт жолының ауруларына ем екен. Ал ең шипалысы – майы. Гүлдің майын алу үшін оның ұсақталынып туралған тамырының үстіне өсімдік майын құяды (1:10). Бір тәулік тұндырып, бір сағат су буында қыздырады. Дайын май күнге күйіп қалған теріге, күн сәулесінің әсерінен болған аллергияға жақсы шипа.

БАНАН

Банан – жүйке жүйесі мен жүрекке шипалы. Негізгі пайдалы құрамы – жүйке жүйесі мен жүрек бұлшық еттерін нығайтатын калий тұзы. Мұндай қасиет кепкен өрік, мейіз, апельсин, мандарин, итмұрын, картоп, жанғақ, қара нан, дәнді дақылдар, семіз балық және жас көкөністерде де бар.



ҚАРА ҚАРАҚАТ

Иммундық жүйені реттейді. С дәрумені жарақаттардың жылдам жазылуына ықпал етіп, қартаюды баяулатады. Оған ұқсас қасиет: итмұрын, тәтті бұрыш, цитрустар, йогурт, акжелкен, киви және картопта бар.

Тазалық – денсаулық кепілі

ТЕРІ АУРУЫ

Қышыма – бұл адам терісіндегі жұқпалы ауру. Қышыманы қышыма кенесі коздырады. Қышыма ауруы отбасылық байланыста киімнен, төсек орыннан, тұрмыстық заттарды қолданғаннан пайда болады. Жалпыға бірдей орамал, төсек орын болғандықтың кесірі қышыма ауруының жұғу кеңестігін ұлғайтады. Балалар ересектерден, бір бірінен жұқтырады, ваннаға түскенде, ойыншықтарды қолданғанда, тағы басқа да барлығы қолданатын заттардан беріледі. Адамға сонымен қатар мысық, ит, жануарлардан да жұғады. Адамға бұл ауру түрі жұққанда 8-10 күн аралығында қышу, терінің томпаюы, іріңді жара сияқты белгілері пайда бола бастайды. Кейбір аурулардың тынышы қашып, ұйқысы бұзылып, денесі

қышып мазалары кетеді, кейбіреуі шыдап бағады. Ересектерде көбінде түнгі уақытта қатты қышыну басталады, адам арықтап та кетеді. Осылайша ауруға көндігіп, дәрігер – дерматологқа көрінбей жүре бергенде отбасындағылардың барлығы жұқтырып, одан араласқан жандарға жұмыстағыларға жұғады. Дене қышып бастағаннан дәрігерге көріну керек. Дәрігер ем жазып, дұрыс емделу жолын көрсетеді. Балалар ұйымында болған баладан қышыма белгісі табылса барлық баланы тексеруден өткізу керек. Ал ауырған бала толық жазылмайынша араласуына болмайды. Ересектер де. Бұл аурудың да болдырмау жолы тазалықты сақтау.

О. КӘКІМБЕКОВ,
РМКК «ОСЭ АҚ» Аршалы филиалы, дәрігер – бактериолог.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және /немесе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: 8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады	РЕДАКТОР М.А. АЖЫҚАНОВА.	Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.	Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № 1 Индекс: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.
--	-----------------------------	--	---

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.